



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 ж. 20 наурыз № 15  
Павлодар қаласы

город Павлодар

«Үздік интерактивті сабак»  
педагогикалық идеялар облыстық  
интернет-фестивалін өткізу туралы

Білім беру басқармасының 2016 жылғы жұмыс жоспарын орындау барысында облыс педагогтарымен интерактивті жабдықтарды қолдану аясында педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау және жариялау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Облыстағы білім беру үйымдарының мұгалімдері арасында 2016 жылғы ақпанның 1-і мен мамырдың 25-і аралығында «Үздік интерактивті сабак» педагогикалық идеялар облыстық интернет-фестивалі өткізілсін.
2. Төмендегі құжаттар бекітілсін:
  - «Үздік интерактивті сабак» педагогикалық идеялар облыстық интернет-фестивалін өткізу туралы ережесі (1 қосымша);
  - облыстық интернет-фестиваліне дайындалу және оны өткізу үшін Үйымдастыру комитетінің құрамы (2 қосымша).
3. Ақпараттық технологиялар орталығына:
  - Облыстық интернет-фестиваліне дайындалу және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасасын;
  - интернет-фестиваль туралы ережені білім беру басқармасы, ақпараттық технологиялар орталығының сайттарына жарияласын;
  - облыстық интернет-фестивалінің қорытындысы 2016 жылғы 25 мамырда шығарылсын.
4. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша), облыстық білім беру үйымдарының басшылары:
- 2016 жылғы сәуірдің 15-не дейін ақпараттық технологиялар орталығына білім беру үйымдарының интернет-фестиваліне қатысу жөніндегі өтініштері мен жұмыстарын жіберулерін қадағаласын.
5. Осы бүйректың орындалуын бақылау білім беру басқармасы мектепке дейінгі және жалпы ~~орта~~ білім беру бөлімінің басшысы Л. Н. Жұсіповага жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексентова

Таныстырылды \_\_\_\_\_ (Аты-жөні, қолы, күні)  
005907

Павлодар облысы  
білім беру басқармасының  
2016 ж. «10 » жартар  
N15 бұйрығына  
Косымша 1

«Үздік интерактивті сабак»  
педагогикалық идеялар облыстық  
интернет-фестивалінің  
ережесі

**1. Негізгі ережелер және өткізу мерзімі**

1.1. «Үздік интерактивті сабак» атты педагогикалық идеялардың интернет-фестивалі (бұдан әрі — фестиваль) интерактивті жабдықтарды білім беру үдерісінде қолдану аясында педагогтардың кәсіби шеберліктерін жетілдіру, белсенді және дарынды оқытушылардың үздік іс-тәжірибелерін жинақтау және тарату, оларға колдау көрсету мақсатында Павлодар облысы білім беру басқармасы және облыстық ақпараттық технологиялар орталығымен өткізіледі.

Фестивальге оку-тәрбие процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді енгізуші облыстың барлық педагогтары қатыса алады.

1.2. Фестиваль 2016 жылғы 1 ақпан мен 25 мамыр аралығында өткізіледі. Фестивальге қатысу үшін Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы бойынша өтінім беру керек. (Өтінім үлгісі осы ережемен бірге беріледі. (Косымша 1.1.)

Әдістемелік және техникалық талаптарға сай ресімделген өтінімдер мен жұмыстар 2016 жылғы 1 ақпан мен 15 сәуір аралығында Ұйымдастыру комитетінің Павлодар қ. Ақ.Бектуров көш. 2, 2 қабат мекенжайы бойынша қабылданады (өтінімдер мен жұмыстарды қабылдау 2016 жылғы 17 сәуірде сағат 18.00-де тоқтатылады). Жұмыстар электронды тасымалдаушында қабылданады (CD, DVD).

1.3. 2016 жылғы 18 мен 24 сәуір аралығында Фестивальге ұсынылған жұмыстар талаптарға сәйкес ірітеледі. Фестивальдің талаптарына сәйкес келген жұмыстар ашық болатын облыстық ақпараттық технологиялар орталығының (<http://pylcit.kz>) сайтында 2016 жылғы 25 сәуір мен 15 мамыр аралығында жарияланады, ниет білдіргендер конкурс жұмыстарымен танысқаннан кейін пікірлерін қалдыра алады. Фестивальдің корытындысын шығару барысында сынни пікірлер ескеріледі.

1.4. 2016 жылғы 16 мен 25 мамыр аралығында Фестивальдің қазылар алқасы қатысуышылардың жұмыс мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес, жұмыстарға сараптау мен бағалау жүргізеді.

**2016 жылғы 15 сәуірден** кеш жіберілген жұмыстар фестивальге қатысуға жіберілмейді.

1.5. Фестивальдің казылар алқасы осы Ережедегі бекітілген критерийлерге сәйкес жұмыстарды талқылап, бағалайды.

Фестивальді корытындылауда келесі жағдайлар ескеріледі:

1. жұмыс мазмұны (жұмыстың әдістемелік және техникалық дайындығы);

2. сайт пайдалунышылары калдырған пікірлер.

Барлық қатысушыларға Фестивальге қатыскандығын растайтын атаулы сертификаттар беріледі. **2016 жылғы 25 мамырда** Фестиваль қорытындысы шығарылып, нәтижесі облыстық білім беру басқармасының (<http://edupvl.gov.kz>) және облыстық акпараттық технологиялар орталығының (<http://pvlcit.kz>) сайттарында жарияланады. Женімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталады.

Дипломдар мен грамоталар **2016 жылғы 05 тамызға** дейін табысталады. Фестиваль қатысушыларының сертификаттары Ұйымдастыру комитетінің мекен–жайы бойынша беріледі.

1.6. Фестивальге қатысушылар ұсынған жұмыстардың тақырыптарына шектеу қойылмайды. Бірақ жұмыстар фестиваль бағыттарының кем дегенде біреуіне сәйкес келуі тиіс. Фестивальге ұсынған жұмыстар міндетті түрде педагогикалық мақсатта және жалпыға ортақ ғылыми айғақтар мен әдеп нормаларына, Қазақстан Республикасының заңдылықтырына қайшылық туғызбауы шарт.

Жұмыстардың авторлық құқыктары фестиваль қатысушыларында сақталады. Ұйымдастыру комитеті жұмыстардың сайтта жариялануына жағдай жасайды. **Ушінші тұлғаның авторлық құқығын сақтауға жұмыс авторлары жауапты.** Бұл туралы толық мәлімет «**Ушінші тұлғаның авторлық құқығын сақтау**» (*Қосымша 1.2*) косымшасында көрсетілген.

Егер Фестивальдің кез - келген кезеңінде жұмыс мазмұнында осы Ереженің талабына сәйкес келмеушілік анықталса, Ұйымдастыру комитеті жұмыс авторына уакытында хабарламай-ақ жұмысты жариялауды тоқтатады.

### **Фестиваль бағыттары:**

- **Жаратылыштану - математикалық пәндер;**
- **Қоғамдық - гуманитарлық пәндер;**
- **Бейіндік оқыту;**
- **Бастауыш сыйыптардағы оқыту;**
- **Әскери - патриоттық тәрбие және салауатты өмір салттары;**
- **Сабактан тыс оқыту.**

## **2. Фестивальге қатысу үшін**

Фестивальге қатысу үшін тиісті тәртіпті қатаң сақтау қажет.

Қатысу тәртібі:

1. Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген формага сәйкес өтінім беру (*Косыма 1.1*);
2. Жұмыстарды тапсыру (Фестиваль жұмыстарына қойылатын талаптар. 3 тармақты қараңыз).

### **3. Фестиваль жұмыстарына қойылатын талаптар**

3.1 Фестиваль материалдары мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәндер аясында бағдарламаға сай бірнеше накты тақырыптарды қамтуы керек (Жұмыстар көлемі 250 МБ артық болмауы тиіс). Фестивальге қатысушылар флипчарттардың көмегімен құрылған сабак жоспарларын және бейнесабактарын AstiVinspire, мультимедиялық, оқыту презентацияларын (PP, Flash т.б.) ұсынады.

#### **3.2 Жұмысқа қойылатын талаптар:**

- автордың аты-жөні мен оқу мекемесінің атауы көрсетілген басты бет;
- жұмыстың соңғы бетінде қолданылған әдебиеттер тізімі көрсетілуі керек;
- электрондық құжаттарды орындау тәртібін сактау (мәтінді түзету, мәтін эргономикалық көрсеткіштерде сәйкес құрастырылуы керек, т.б.);
- объектілердің дұрыс орналасуы (бос орындардың, мәтіндердің көп болмауы, қаріптердің мөлшерін тағайындау және т.б.);
- жұмыстың тақырыпка сәйкес ресімдеу;
- АҚТ<sup>1</sup> арқылы интерактивті технологиямен<sup>2</sup> жұмыс істеуде оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін тапсырмалар жасау;
- сурет, дыбыс, бейне, анимация объектілерін қолдану;
- ұсынылатын акпараттық материалға суреттер тақырыптарының сәйкес келуі;
- жұмыс бойынша қозғалыс (гиперсілтемелер мен басқарушы батырмалардың болуы);

Толықтырылған (локализованная) жұмыс (колданылатын барлық корлар: қаріп, сурет және басқа да объектілер бір файлда болуы керек) қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады.

#### **Үздік жұмыстарды анықтау критерийлері:**

- идеяның жаңашылдығы: сәйкес интерактивті жабдықтардың бағдарламалық қамтамасыз етуінін әр түрлі көп құралдарын пайдалану;

<sup>1</sup> интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалардың қарапайымнан негізгі ерекшелігі, олар өткен материалды бекітуге ғана емес, жаңа материалды менгеруге көбірек бағытталған

<sup>2</sup> барлық түрлі графикалық, мәтіндік файлдармен, видеомен белсенді жұмыс істеу және көрсету, сабактың электронды хаттамасын жасау

- әдістемелік құндылығы: жұмысты басқалардың пайдалануы үшін нақты әдістемелік мүмкіндіктердің болуы;
- білім беру мен тәрбиелеу мақсатына жету үшін интербелсенді жабдықтарды және сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануды негіздеу;
- интербелсенді сұхбат<sup>3</sup>;
- өнімді пайдалану барысында санитарлық нормалар мен ережелерді және білім алушылардың жастық психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу;
- стиль мен ресімдеу тұтастыры;
- слайд фониының түсі аса ашық болмауы тиіс;
- слайдтағы суреттер жоғары сапалы болуы қажет;
- әр слайдта 7-9 объект болуы мүмкін;
- слайд мазмұнын жақсы ұғыну үшін суреттерді мәнсіз нысандармен қабаттастыруға болмайды;
- слайдқа екі объекттің бірге орналастырған кезде бір-біріне деген өлшемдерін ескеру қажет. Мысалы, жылқы қойдан үлкен;
- слайдтардың ауысуы стилус немесе басқару батырмалары арқылы жүзеге асырылуы керек;
- мәтін (окылуы) мен графиканың сапасы;
- графика, дыбыс, бейне және баска да материалдардың колдану мәні.

*Ескерту:* Әр критерий бойынша 0-ден 3 балға дейін беріледі (0- қанағатсыз, 1 - қанағат, 2 - жақсы, 3 - үздік).

3.3. Фестивальге жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оларға пікір берілмейді.

3.4. Фестивальге жұмыстың жіберілуі осы Ереженің барлық тармақтарымен келісуді білдіреді.

3.5. Фестивальдің барысы мен жұмыстардың бағалануы туралы ақпарат Облыс білім беру басқармасының (<http://edupvl.gov.kz>) және Облыстық ақпараттық технологиялар орталығының (<http://pvlcit.kz>) сайттарында жарияланады.

3.6. Осы Ережеде қарастырылмаған барлық сұрақтар бойынша шешімді фестиваль қатысушыларының мұдделерін есепке ала отырып, Ұйымдастыру комитеті қабылдайды.

---

<sup>3</sup> оқу процесі шеңберінде оқу міндеттерін шешу мақсатында «компьютер-оқушы» түріндегі езара іс-әрекет

**Фестивальге қатысу үшін өтінім**

<b>1. Мекеме туралы мағлұмат:</b>	
Білім беру үйімінің атауы, телефоны, e-mail, факс	
Пошталық мекен-жайы	
<b>2. Автор (авторлық үйім) жайындағы мағлұмат:</b>	
ТАӘ (толық)	
Оқытатын пәні, лауазымы	
e-mail, байланыс телефоны	
<b>3. Жұмысы туралы мағлұмат:</b>	
Жобаның шығармашылық атауы	
Пән және пәнаралық байланыс	
Сынып немесе жас ерекшелік тобы	
Жобаның мақсаты мен міндеттері	
Жобаның қыскаша сипаттамасы	
<b>4. Бағыттары:</b>	
	<input type="checkbox"/> Жаратылыштану–математикалық пәндер; <input type="checkbox"/> Қоғамдық–гуманитарлық пәндер; <input type="checkbox"/> Бастауыш сыныпта оқыту; <input type="checkbox"/> Бейіндік оқыту; <input type="checkbox"/> Әскери–патриоттық тәрбие және салауатты өмір салты; <input type="checkbox"/> Сабактан тыс оқыту.
<b>5. Қажетті бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету:</b>	

### Үшінші тұлғаның авторлық құқығын сақтау

1. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы № 6 Заңы (2015 жылды 24 қарашадағы өзгерістер мен толықтыруларга сәйкес)

2. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік менишік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі

(2015.24.11. жағдай бойынша берілген өзгерістер мен толықтырулар)

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы **авторлық құқық деп** – автордың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын тұсінеді. Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық енбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады.

№972 ҚР АК және Авторлық құқық заңының 7 бабына сәйкес авторлық құқық объектілері болып табылатын туындылар:

- әдеби туындылар;
- драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- сценарий туындылары;
- хореография және пантомима туындылары;
- мәтіні бар немесе мәтіні жок музыкалық туындылар;
- дыбыс-бейнежазу туындылары;
- кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
- қолданбалы өнер туындылары;
- сәулет, қала құрылышы және бау-саябақ өнері туындылары;
- суретке тұсіру туындылары және суретке тұсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
- карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірuler және географияга, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
- ЭМ-ге арналған бағдарламалар;
- өзге де туындылар.

978-бап. Автордың мүліктік құқықтары

1. Авторға туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға айрықша құқықтар беріледі.

2. Автор туындыны пайдалану кезінде үшінші тұлғалардың мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асыруына:

1) туындыны қайта жаңғыртуына (қайта жаңғырту құқығы);

- 2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына: сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар жасауына (тарату құқығы);
- 3) туындыны көпшілік алдында көрсетуіне (көпшілікке көрсету құқығы);
- 4) туындыны көпшілік алдында орындауына (көпшілік алдында атқару құқығы);
- 5) жалпыға бірдей мәлімдеу үшін эфирге немесе кабель арқылы хабарлауды қоса алғанда туындыны көпшілікке хабарлауына (көпшілікке хабарлау құқығы);
- 6) туындыны эфирге беруіне (радио және теледидар арқылы тарату), оның ішінде туындыны кабель немесе спутниктік байланыс арқылы таратуына (эфирге хабарлау құқығы);
- 7) туындыны аударуына (аудару құқығы);
- 8) туындыны қайтадан жасауына, аранжировкалауына немесе басқаша түрде өндіреуіне (өндіреу құқығы);
- 9) қала құрылышы, сәулет, безендіру жобасын іс жүзіне асыруына;
- 10) заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат етуге немесе тыйым салуға құқылы.

981-бап. Авторлық құқықтың қолданыла бастауы

Туындыға авторлық құқық оның жариялануына қарамастан туындыға үшінші тұлғалардың қабылдауына қолайлы объективті нысан берілген кезден бастап қолданыла бастайды. Ауызша туындыға авторлық құқық оны үшінші тұлғаға хабарлаған кезден бастап қолданылады.

Егер туынды осы Кодектің 980-бабының қолдануына келмейтін болса, мұндай туындыға авторлық құқық, егер ол Қазақстан Республикасында жүзеге асырылса, туынды алғаш рет жарияланған кезден бастап коргалады.

Авторлық және сабактас құқықтарды қорғау

1. Авторлық және сабактас құқықтарды қорғауды сот:

- 1) құқықтарды тану;
- 2) құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру;
- 3) құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тью;

4) айырылып қалған пайданы қоса алғанда, шығындардың орнын толтыру;

5) құқық бұзушы авторлық және сабактас құқықтарды бұзу салдарынан тапқан табысты өндіріп алу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген, ең төмен жалақының жиырмадан елу мыңға дейінгі мөлшер сомасында өтем төлеу арқылы жүзеге асырылады. Зиянның орнын толтырудың немесе табысты өндіріп алушың орнына өтемақы мөлшерін сот белгілейді.

КР нормативті құқықтық актілері бойынша ресми ақпараттық көздері:

- <http://www.intellkaz.kz> (Зияткерлік меншік құқығы бойынша Комитет)
- <http://www.pavlodar.com/> (Қазақстан заңдылығы)
- <http://www.online.zakon.kz>

Павлодар облысы білім беру  
басқармасының  
2016 ж. «10» 01  
№ 15 бүйрығына  
Қосымша 2

«Үздік интерактивті сабак»  
педагогикалық идеялар облыстық интернет-фестивалін  
дайындау және өткізу үшін құрылған  
Ұйымдастыру комитетінің құрамы

Ұйымдастыру комитетінің төрдемі	
Иванова Тамара Николаевна	білім беру басқармасы басшысының орынбасары
Ұйымдастыру комитеті төрдемінің орынбасары	
Каримова Гульжан Толеубаевна	облыстық ақпараттық орталығының басшысы
Ұйымдастыру комитетінің мүшелері	
Маймышева Майра Зикеновна	білім беру басқармасының бас маманы
Казтаева Бибигуль Калиардамовна	облыстық ақпараттық орталығының оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі басшы орынбасары
Баймұлдинова Анаргуль Сериковна	облыстық ақпараттық орталығының ақпараттық-әдістемелік бөлімнің басшысы
Жиренова Айнагуль Кенжалиева	электрондық оқыту жүйесі бөлімінің басшысы

Павлодар облысы білім беру  
басқармасының  
2016 ж. «20» 01  
№ 15 бүйріғына  
Косымша 3

«Үздік интерактивті сабак»  
педагогикалық идеялар облыстық интернет-фестивалі  
қазылар алқасының құрамы

Қазылар алқасының төрайымы

Иванова Тамара Николаевна	білім беру басқармасы басшысының орынбасары		
<b>Қазылар алқасының төрайымының орынбасары</b>			
Каримова Гульжан Толеубаевна	облыстық орталығының басшысы	ақпараттық	технологиялар
<b>Қазылар алқасының мүшелері</b>			
Кадырова Самал Канатовна	білім беру басқармасының тәрбие жұмысы мен косымша білім беру бөлімінің басшысы		
Маймышева Майра Зикеновна	білім беру басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің бас маманы		
Казтаева Бибигуль Калиардамовна	облыстық орталығының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі басшы орынбасары	ақпараттық	технологиялар
Жиренова Айнагуль Кенжалиева	электрондық оқыту жүйесі бөлімінің басшысы		
Баймұлдинова Анаргуль Сериковна	облыстық ақпараттық технологиялар орталығы ақпараттық-әдістемелік бөлімінің басшысы		
Исабекова Ляззат Зекеновна	облыстық ақпараттық технологиялар орталығының әдіскері		
Смурыгина Ирина Васильевна	облыстық орталығының әдіскері	ақпараттық	технологиялар
Ибраим Махаббат Қасенқызы	облыстық орталығының әдіскері	ақпараттық	технологиялар
Бекбергенова Кымбат Ермековна	облыстық орталығының әдіскері	ақпараттық	технологиялар
Бейсенова Кымбат Темирбулатовна	білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері		
Барамбаева Багадат Сериковна	білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері		
Негманова Куралай Уахитовна	білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері		